

«№3 Сарықар ЖОББМ» КММ



« Келісемін »  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
*К.Абилова*  
« 02 » / 09 2025 ж.

**Білім беру мен ғылымды дамытудың 2025-2026 жылдарға арналған  
мемлекеттік бағдарламасына сәйкес  
«Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын  
дамыту тұжырымдамасын іске асыру  
үшін атқарылатын  
ІС -ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

Аға тәлімгер: Ордалы А.А

2025-2026 оқу жылы

**Білім беру мен ғылымды дамытудың 2025-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес  
«Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру  
үшін атқарылатын  
ІС -ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

**Парламент мақсаты:** Балалар мен жастардың табысты әлеументенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау , сондай -ақ туынтайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

**Парламент міндеттері:**

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға,оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін көзғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда , салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу
- 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
- 7) Қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыру көмек көрсету болып табылады.

**«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жоспары 2025-2026 оқу жылы**

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Атқаратын фракциясы	Жауапты орындаушылар	Мақсатты аудиториясына қатысушылар
1	1. Парламенттің жобалау кеңесін құру 2. Мектеп парламенті президентін сайлау күнін бекіту 3. Оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Мектеп президенті. Фракция мүшелері	ДТІЖО, тәлімгер сынып жетекшілер	Тәрбие бөлімі Аға тәлімгер
2	Мектеп парламентіне үміткерлерді іріктеу, міндеттерімен таныстыру	Қыркүйек	Мектеп президенті. Фракция мүшелері	ДТІЖО, тәлімгер сынып жетекшілер	Тәрбие бөлімі Аға тәлімгер
4	«Еңбек күні» мерекесіне орай мектептің Кіші қызметкерлерін құттықтау <i>(видеоролик)</i>	Қыркүйек	Фракция мүшелері	ДТІЖО, Тәлімгер, Ұйымдастырушы педагог	8-9 сынып оқушысылары
5	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен «Дублер күні» ұйымдастыру <i>«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспары негізінде)</i>	Қазан	Фракция мүшелері	ДТІЖО, Тәлімгер Ұйымдастырушы педагог	10-11 сынып оқушылары
6	Мектеп парламентінің президентін сайлау <i>«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Қазан	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер	8-10 сынып оқушылары
7	«Бірге көңілді демалайық» ойын-сауық бағдарламасы	Қазан	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы Мәдениет және өнер фракциясы	ДТІЖО Тәлімгер	9 сынып оқушылары
8	«Парламент өмірінен бір күн» «Мектеп парламенті» мүшелері арасында челлендж <i>«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Қараша	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-10 сынып оқушылары

9	Көңілді үзілістер	Қараша	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы	ДТЖО Тәлімгер	1-11 оқушылары
10	«Ең таза аула» акциясы	Қараша	Қамқор, экология және еңбек фракциясы	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-10 сынып оқушылары
11	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Желтоқсан	Фракция мүшелері	ДТЖО Тәлімгер	5-10 сынып оқушылары
12	«Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ!» Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне челлендж ұйымдастыру Челленджі	Желтоқсан	Спорт және салауатты өмір фракциясы	ДТЖО Тәлімгер	8-10 сынып оқушылары
13	«Әлеуметтік желі пайдалы ма, әлде зиян ба» дебат	Желтоқсан	Дебат қозғалысының фракциясы	ДТЖО Тәлімгер	8-10 сынып оқушылары
14	«Мамандықтар» марафоны Әр түрлі саладағы ең жақсы маманды анықтауға арналған конкурс «Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Қаңтар	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы	ДТЖО Тәлімгер Медбике	8-11 сынып оқушылары
15	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Балалар кітапханасы» жобасы	Ақпан	Фракция мүшелері	ДТЖО Тәлімгер Мектеп кітапханашысы Жалғасбаева А.Ж.	8-10 сынып оқушылары
16	«Startup» байқауы Білім алушылардың қоршаған кеңістікті жақсарту жөніндегі идеялары бойынша форсайт сессиялары «SMART BALA» жобасы	Ақпан	Ақпарат фракциясы	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-10 сынып оқушылары
17	Алғыс айту күніне орай Мектеп/студенттік парламент арасында «Алғысым шексіз» челленджі	Наурыз	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-10 сынып оқушылар
18	«Ананың аялы алақаны» челленджі «Шабыт» жобасы	Наурыз	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер Ұйымдастырушы педагог	8-10 сынып оқушылары

19	«Ұлттық мәдениет» көрмесі «Шабьт» жобасы	Наурыз	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер Ұйымдастырушы педагог	8-10 сынып оқушылары
20	12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа саяхат» макеттер байқауын ұйымдастыру	Сәуір	Мәдениет және өнер фракциясы	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер Ұйымдастырушы педагог	5-10 сынып оқушылары
21	«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі («Қамқор» жобасы)	Сәуір	Экология және еңбек фракциясы	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	11 сынып оқушылары
22	«Туған жерге тағзым» өлкетану экскурсиясы	Сәуір	Фракция мүшелері	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілері	7-10 сынып оқушылары
23	«Бірлік, ынтымақ, Достық» тақырыбында челленджі	Мамыр	Фракция мүшелері	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-10 сынып оқушылары
24	«Көңілді үзіліс» акциясы	Мамыр	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы	ДТЖО Тәлімгер	1-11 сынып оқушылары
25	«Табиғатты аялайық» сурет көрмесі	Мамыр	Фракция мүшелері	ДТЖО Тәлімгер	3-4 сынып оқушылары
26	«Мектеп Көшбасшысы» анықтау	Мамыр	Фракция мүшелері	ДТЖО Тәлімгер	8-10 сынып оқушысы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» БІЛІМ  
АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ**

**Анықтама**

**Мақсаты:** оқушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту және оларды демократиялық процестерге тарту. Оқушылардың өз ұсыныстары мен проблемалары бойынша шешім қабылдауға ықпал ету, мектептегі мәселелерді шешуде оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Мектептің қоғамдық өміріне белсене қатысуға, өзара түсіністік пен ынтымақтастықты дамытуға ынталандыру.

**Өткізген күні:** 20.10.2025 жыл

**Негіздемесі:** «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының «Мектеп президенті» сайлауы. «Мектеп президенті» сайлауына үміткерлікке 4 оқушы қатысты.

1. Сапарбай Дильназ 10 «а» сынып оқушысы;
2. Жұмашов Ақылбек 9 сынып оқушысы;
3. Жакешова Каусар 9 сынып оқушысы;
4. Садуақасова Аякөз 8 «а» сынып оқушысы.

Сайлау алдында 4 үмірген өздерінің бағдарламаларын дайындап, мектеп инстаграмына салды. Инстаграмм арқылы 4 үміткердің бағдарламаларымен мектеп ұстаздары мен оқушылары танысты. Сайлауда мектеп директоры, ұстаздар және 5-11 сынып оқушылары өз дауыстарын береді.

Сайлау комиссиясының мүшелері:

1. Заводбай Жансая 11 сынып оқушысы;
2. Зинелова Аружан 10 «ә» сынып оқушысы;
3. Дошанов Нұржан 11 сынып оқушысы;

«Мектеп президенті» сайлау нәтижесінде:

1. Сапарбай Дильназ - 30 %
2. Жұмашов Ақылбек – 45%
3. Жакешова Каусар – 15%
4. Садуақасова Аякөз 10%

Сайлау комиссиясының шешімімен 9 сынып оқушысы Жұмашов Ақылбек Талғатұлы «Мектеп президенті» болып сайланды.

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының вице президенті мен 8 фракция мүшелері сайланды.

1. Вице президент- Сапарбай Дильназ 10 «а» сынып оқушысы;
2. Ақпарат және баспа фракциясы – Шоққарина Каусар 10 «а» сынып оқушысы;
3. Құқық және тәртіп фракциясы- Күлекенов Алдияр 9 сынып оқушысы;
4. Спорт және салауатты өмір фракциясы- Сәтбаев Дамир 10 «ә» сынып оқушысы;
5. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы- Жансерикова Назерке 9 сынып оқушысы;
6. Қамқорлық ( еріктілер) фракциясы – Мұхатай Береке 9 сынып оқушысы;
7. Мәдениет және өнер фракциясы – Алпысбаева Аружан 10 «ә» сынып оқушысы;
8. Экология және еңбек фракциясы – Абдуллаев Бекнұр 8 «ә» сынып оқушысы,
9. Дебат фракциясы – Нажимова Жансулыу 10 «а» сынып оқушысы;

Сілтемесі: [https://www.instagram.com/reel/DQEW5t\\_jKIL/?igsh=N25pNnFuYjlicXMz](https://www.instagram.com/reel/DQEW5t_jKIL/?igsh=N25pNnFuYjlicXMz)

<https://www.instagram.com/reel/DQpJsUPAIYW/?igsh=NHN2b3ViZDlrcmll>

Тәлімгер  А. Ордалы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫНДА «БІРГЕ  
КӨҢІЛДІ ДЕМАЛАЙЫҚ» ІС -ШАРАСЫ**

**Анықтама**

**Мақсаты:** Оқушылардың демалыс уақытын мазмұнды, қауіпсіз және қызықты өткізуге жағдай жасау; олардың шығармашылық, спорттық және әлеуметтік қабілеттерін дамыту; достық қарым-қатынасты нығайтып, белсенді демалыс мәдениетін қалыптастыру.

**Өткізілген күні: 30.10.2025 ж**

**Негіздемесі:** «Бірге көңілді демалайық» шарасына 5-7 сынып оқушылары қатысып, көңілді ойындар ойналып, караокемен әндер айтылды.

Демалыс – оқушылардың демалып, күш жинайтын ерекше кезеңі.

«Бірге көңілді демалайық» – оқушылардың бос уақытын тиімді, шығармашылыққа, спортқа және достыққа толы түрде өткізуге бағытталған демалыс бағдарламасы. Бұл кезеңде балалар әртүрлі қызықты іс-шараларға қатысып, жаңа дағдыларды дамытады, әрі бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтады.



Аға тәлімгер

А.А.Ордалы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША «Кітап сыйла-рухани мұра қалдыр» ІС -  
ШАРАСЫ**

**Анықтама**

**Мақсаты:** Оқушыларға кітап оқудың құндылығын түсіндіру, рухани байлықты болашақ ұрпаққа жеткізу идеясын қалыптастыру. Бір-біріне кітап сыйлау арқылы сыйластықты, мейірімділікті және рухани байланыс орнатуды дамыту. Жасөспірімдердің оқу мәдениетін арттырып, кітапты бағалайтын орта құру.

**Өткізілген күні: 05.11.2025 ж**

**Негіздемесі:** Аталған іс-шараға мектеп парламентінің мүшелері белсенді қатысып, кітап оқуды насихаттау, үлгі көрсету және оқушылар арасында кітап мәдениетін қалыптастыруға өз үлестерін қосты.

Парламент мүшелерінің қатысуы іс-шараның маңызын арттырып, мектеп қауымдастығындағы ынтымақты, жауапкершілікті және көшбасшылықты нығайтты.



Аға тәлімгер

А.А.Ордалы

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША «ДОСБОЛЫКЕ ДОСТЫҚ ҚОЛЫН  
ҰСЫН «ЕҢ, ЕҢ, ЕҢ...» ЧЕЛЛЕНДЖИ КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІСКЕ

**Анықтама**

**Мақсаты:** оқушылар мен мұғалімдердің арасында тығыз байланыс орнатуға, олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға және мектептегі атмосфераны жақсартуға бағытталған.

**Өткізген күні:** 14.11.2025 жыл

**Негіздемесі:** Бұл ерекше челлендж оқушылар мен мұғалімдердің ең жауапты, ең белсенді, ең мейірімді, жандарды анықтау мүмкіндігін берді. Бұл шара- мектеп ұжымындағы бірлік пен сыйластықтың айғағы болды.



Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRB0W3bAJok/?igsh=cGNhNnBrZm5pazly>

Тәлімгер  А. Ордалы

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ОТБАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ «ДОСБОЛЛІКЕ  
ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ІС-ШАРАҒА ҰСЫН!» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ

**Анықтама**

**Мақсаты:** Оқушыларға волейбол жарысын ұйымдастыра отырып , спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.

**Өткізілген күні:** 14.11.2025 ж

**Негіздемесі:** Мектеп оқушылары соның ішінде 8-11 сынып оқушылар арасында достық волейбол жарысы ұйымдастырылды. Жарыс барысында оқушылар өзара әділ ойнап, шеберліктерін көрсетті. Командалар арасында тартысты ойындар өтіп, қатысушылар жоғары белсенділік танытты. Қорытынды нәтижесі бойынша:

1 орын - 8 сынып оқушылары

2 орын – 11 сынып оқушылары

3 орын – 10 сынып оқушылары

Алғыс хатпен 9 сынып оқушылары марапатталды.



Аға тәлімгер

А.А.Ордалы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» ӨЗІН-ӨЗІ  
БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ БІР КҮНІ**

**Анықтама**

**Мақсаты:** «Мектеп парламенті» өзін –өзі басқару ұйымының бір күндік күн тәртібін көрсету.

**Өткізген күні:** 16.11.2025 жыл

**Негіздемесі:** Мектеп парламентінің бір күні — оқушылардың өзара қарым-қатынасын реттейтін және мектеп өмірінің әртүрлі аспектілеріне жауап беретін оқушылар ұйымының қызметін сипаттайтын күн. Мектеп парламенті — бұл тек көшбасшылардың ғана емес, әр оқушының белсенді түрде қатыса алатын, өзін көрсете алатын және мектеп өмірін жақсартуға үлес қосатын алаңы. Бұл күні оқушылар парламент мүшелері өз міндеттерін орындап, мектепте қандай да бір маңызды оқиға немесе шараны ұйымдастырады.

**Мектеп парламентінің рөлі.**

Мектеп парламенті оқушылардың шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Бұл ұйым оқушыларды мектептің әлеуметтік және мәдени өміріне белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға және топта жұмыс істеуге үйретеді. Сонымен қатар, парламенттің жұмысы мектептің барлық бөліктерін, әсіресе оқушылар мен мұғалімдердің арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді.



**Сілтемесі:** <https://www.instagram.com/reel/DRHpVX0DFsM/?igsh=MWY0eHEwYms4dnJjcg==>

Тәлімгер



А.Ордалы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША «ӨНЕГЕЛІ 15 МИНУТ»  
«БІР МАҚАЛ-БІР БАУЫРСАҚ» АЙДАРЫНА**

**Анықтама**

**Мақсаты:** қазақ халқының бай мақал-мәтелдерін жас ұрпаққа таныстырып, олардың құндылықтарын ұғындыру. Сонымен қатар, бауырсақ сияқты ұлттық тағамды кеңінен насихаттап, оның маңыздылығын көрсету.

**Өткізген күні:** 21.11.2025жыл

**Негіздемесі:** «Өнегелі 15 минут» аясында Ұлттық мәртебе күніне орай «Бір мақал — бір бауырсақ» — мектебіміздегі танымдық және тәрбиелік сипаттағы айдар. Бұл айдарда ұстаздар мен оқушыларға мақал – мәтел айтқаны үшін бауырсақ ұсынылады. Әрбір мақалдың мағынасы мен мазмұны түсіндіріліп, қатысушылардың осы мақалды дұрыс түсініп, өмірде қолдану қабілеті тексеріледі. Бауырсақ — қазақ халқының дәстүрлі тағамы болғандықтан, ол айдардың мәдени тұрғыдан да маңызды бөлігі болып табылады.



Сілтемесі : <https://www.instagram.com/reel/DRUC0eGDloW/?igsh=MnQ2engzZjhweTky>

Тәлімгер

А.Ордалы

## 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША «АДАЛДЫҚ ДҮКЕНІ»

### Анықтама

**Мақсаты:** ұстаздар мен оқушылардың өз әрекеттерінің жауапкершілігін түсіндіру. Адалдық дүкен арқылы адамдардың бір-біріне деген сенімін арттырып, қоғамда адалдықты орнатуға ықпал ету.

**Дүкеннің ашылған күні:** 25.11.2025 жыл

**Адалдық дүкені** — бұл мектеп оқушылары мен ұстаздары арасында адалдық, сенім және әділдік құндылықтарын насихаттайтын ерекше бастама. Мұндай дүкендерде оқушылар өздері қалаған тауарларды алып, ақысын өздері төлейді, бірақ дүкенде ешқандай бақылаушы, кассир жоқ. Бұл дүкендер оқушыларға моральдық жауапкершілік, адалдық және сенім ұғымдарын тәжірибе арқылы түсінуге мүмкіндік береді.

**Адалдық дүкеніне қойылатын оқу құралдар:** қалам, карандаш, дәптер, файл, өшіргіш, ұштағыш, сурет альбомы, түрлі –түсті қағаздар, скотч, сызғыш, түрлі –түсті стикерлер.



**Сілтемесі:**

<https://www.instagram.com/reel/DRew9c9DED5/?igsh=M2JxODVjMDhtNWd6>

Тәлімгер  А.Ордалы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША «ТӘУЕЛСІЗДІК МЕН ҮШІН ...» АШЫҚ  
МИКРОФОН АЙДАРЫ**

**Анықтама**


**Мақсаты:** Тәуелсіздік туралы терең түсінік беру, ел тарихын, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін қалыптастыру, отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікті арттыру. Жас ұрпақты ел бірлігін, бейбітшілік пен тұрақтылықты қадірлеуге тәрбиелеу.

**Өткізген күні:** 15.12.2025 жыл

**Негіздемесі:** 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне орай «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы оқушыларының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік мен үшін ...» атты ашық микрофон айдары өтті. Бұл ашық микрофон айдарында ұстаздар мен оқушылар тәуелсіздік туралы өздерінің пікірлерін ашық білдіре алды.



**Сілтемесі:** <https://www.instagram.com/reel/DSUHbNiDM-m/?igsh=MWYzc21ycnZrMnBj>

Тәлімгер  А. Ордалы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ  
«ЖЕТІСТІГІМДІ ЕЛІМЕ АРНАЙМЫН» ЧЕЛЛЕНДЖІ**

**Анықтама**

**Мақсаты:** Оқушыларды өз жетістіктері арқылы елжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың жеке қабілеті мен жетістіктерін қоғам игілігіне арнауға ынталандыру.

**Өткізген күні:** 12.12.2025 жыл

**Негіздемесі:** Мектебіміздің оқушылары «Жетістігімді еліме арнаймын» атты челленджі ұйымдастырылды. Челленджде мектебіміздің қыздар болейбол құрамасы, 10 «ә» сынып оқушысы Темірбек Бейбарыс география пәні бойынша ауыл мектептеріне арналған республикалық олимпиаданың облыстық деңгейінен география пәні бойынша 2 орынын, 10 «ә» сынып оқушысы Алпысбаева облыстық «Жұбановтар әлемі» байқауынан 2 дәрежелі орнын, 10 «а» сынып оқушысы Мұратбай Ақбота «Дарабоз» республикалық байқауында бейнелеу өнері номинациясы бойынша бас жүлдесін өз еліне арнайды.

Челленджде қатысқан оқушылар өздерінің белсенділігімен, шығармашылық көзқарасымен және елге деген сүйіспеншілігімен ерекшеленді.

Жетістіктерін паш еткен бейнежазбалар мектептің әлеуметтік желі парақшасында жарияланып, үлкен қолдау тапты.



**Сілтемесі:**

[https://www.instagram.com/reel/DSKIqUyjC1g/?utm\\_source=ig\\_web\\_button\\_share\\_sheet](https://www.instagram.com/reel/DSKIqUyjC1g/?utm_source=ig_web_button_share_sheet)

Тәлімгер  А.Ордалы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ  
«ТАҢҒАЖАЙЫП ЖАҢА ЖЫЛ»**

**Анықтама**

**Өткізген күні:** 25-26.12.2025 жыл

**Мақсаты:** Оқушыларға жаңа жыл мерекесінің мәнін түсіндіру, ұжымдық бірлікті нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту және жағымды эмоциялық орта қалыптастыру.

**Өткізген орны:** Спорт зал

**Негіздемесі:** Жаңа жыл мерекесіне орай «Ғажайып жаңа жыл» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Жаңа жыл мерекесіне сай безендірулермен безендірілді. Мереке барысында оқушылардың қатысуымен ән-би орындалып, тақпақтар айтылды. Мерекелік шарада 0-4 сынып оқушылары, 5-7 сынып оқушылары, 8-11 сынып аралығында өтті. Мерекелік шарада аяз ата мен ақшақар, жаңа жыл жылқы жылы мен ескі жыл жылан жылы тағы басқа да кейіпкерлер қойылым қойып, оқушыларға мерекелік көңіл күй сыйланды.



**Сілтемесі:**

<https://www.instagram.com/reel/DSzAsgzDOvS/?igsh=N2s3YWZxNWc1NDJs>

Тәлімгер

А.Ордалы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ  
ТУРАЛЫ СҰРАҚ-ЖАУАП**

**Анықтама**

**Өткізген күні:** 13.01.2026 жыл

**Мақсаты:** оқушылардың қауіпсіздік ережелері жөніндегі білімін арттыру, қауіпті жағдайлардың алдын алу және төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету.

**Негіздемесінде:** Қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтау үшін оқушылардан сұрақ - жауап алынды. Оқушыларға төмендегідей сұрақтар қойылды:

- Суық күдерде қалай киіну керек?
- Қызыл түсті бағдаршам жанған кезде не істеу керек?
- Бейтаныс адамдар шақырғанда не істеу керек?
- Мұз үстінде ойнауға болады ма?
- Сулы қолмен электр тоқтарын ұстауға болады ма?
- Отпен ойнауға болады ма?
- Қауіп төнген кезде кімге хабар беру керек?
- Интернетте жеке мәліметтерді жариялауға болады ма?

Оқушыларға сұрақтар қою арқылы олардың қауіпсіздік туралы қаншалықты білетіндігі туралы мәлімет алынды.



Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DTdCdMyDCk4/?igsh=ZmVwNW5haTMyNnlv>

Тәлімгер

А.Ордалы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС  
ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША «ЗАҢ МЕН  
ТӘРТІП» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ВИДЕОРОЛИК**

**Анықтама**

**Өткізген күні:** 22.01.2026 жыл

**Мақсаты:** оқушыларға заңды сақтау әр азаматтың міндеті екенін түсіндіру, құқық бұзушылықтың алдын алу және жауапкершілік сезімін арттыру.

**Негіздемесі:** «Заң мен тәртіп» акциясы аясында мектеп парламентінің оқушылары видеоролик түсірді. Видеоролик барысында:

- Мен өзгелерге көмектесіп, қоғамға пайдалы болуға тырысуым керек;
- Менің құқықтарым басқа адамның мүмкіндігіне зиян келдірмеуі керек;
- Заң мен тәртіп қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кепілі;
- Мен өз іс әрекетім үшін жауап беріп, қателігімді мойындауым керек;
- Мен білім алуға, өз ойымды айтуға және қауіпсіз ортада өмір сүруге құқығым бар;
- Заңды сақтау әр азаматтың міндеті
- Заң қоғамды реттейтін басты құрал;

Бұл видеоролик – құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған, тәрбиелік мәні жоғары ақпараттық құрал.



**Сілтеме:** <https://www.instagram.com/reel/DT0Cp1tjNE-/?igsh=dXBpczd5cnBibmtl>

Тәлімгер

А.Ордалы

**2025-2026 оқу жылында «№3 Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған  
іс-шаралардың I жарты жылдық бойынша тәлімгердің есебі**

2025-2026 оқу жылының I жарты жылдығында «№3 Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында әр түрлі бағытта көптеген тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Бұл бағдарлама оқушылардың моральдық, патриоттық, құқықтық және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ оларды адал, жауапты азаматтар ретінде тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. I жарты жылдықта атқарылған іс-шаралар оқушылардың тәрбие деңгейін көтеріп, оларды адамгершілік құндылықтар мен азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу жолында маңызды рөл атқарды.

### **I. Қыркүйек айы:**

#### **I.1. «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын**

I қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізілді. Іс-шара барысында мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттары таныстырылып, оқушыларға жана оқу жылының жоспарлары мен мақсаттары түсіндірілді. Мектептің тәрбиелік мәні және оның оқушылардың қалыптасуына әсері туралы айтылды. Сондай-ақ, осы жиын мектеп ұжымының бірлігін нығайтып, оқушыларға білім алу жолындағы жауапкершіліктерін сезінуге көмектесті.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DOFhCgiiGmf/?igsh=MXFIang5d2VscTNtNw==>

#### **I.2. «Береке – бірлік бастауы» спорттық отбасылық жарыс**

12 қыркүйек Отбасы күніне орай «Береке- бірлік бастауы» атты спорттық отбасылық жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа 3 «а», 3 «ә», 4 «а», 4 «ә» сыныбының оқушыларынан I оқушы ата-анасымен жарысқа қатысты. Жарыста отбасы мүшелерінің ептілігі, шапшаңдығы сыналды. Жарыста дене шынықтыру пәні мұғалімдері топ мүшелеріне жарыстың шарттарын түсіндіріп, нұсқаулық беріп тұрды. Топ мүшелері отбасылық топ болып өздерінің ұйымшылдықтары мен ауызбіршіліктерін көрсете білді.



Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DOgj6ZdjAXk/?igsh=MWprbHNtc3gyOXIjcA==>

#### **I.3. «Менің мектебім буллингке қарсы» челленджі**

19 қыркүйек күні «Менің мектебім буллингке қарсы» атты челлендж ұйымдастырды. Біздің мектеп әр оқушыға құрметпен қарау-басты қағида деп біледі.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DOx6Y6-jCOK/?igsh=MTVpaTFxbTdoZ24xMA==>

#### **I.4. Еңбек күніне орай «Тәтті тоқаш» наубайханасына экскурсия**

26 қыркүйек күні Еңбек күніне орай 6 «ә» сынып оқушылары ауылымыздағы «Тәтті тоқаш» наубайханасына танымдық экскурсия жүргізді. Экскурсия барысында оқушылар наубайханада қалай жұмыс істейтінін, нан мен түрлі тәтті тағамдардың дайындалу жолын өз көздерімен көріп, еңбек адамдарының маңдай терімен жасалатын еңбектің бағасын түсінді.

Сілтемесі: <https://instagram.com/p/DPEcufujHOV/>

### 1.5. «Жас блогерлер» айдары

«Жас блогерлер» айдарына 1 сынып оқушылары қатысты. 1 сынып оқушылары «Ұстазым менің» тақырыбында алғашқы сынып жетекшілері туралы 1 сыныпқа аттаған қадамдары туралы блог жүргізді.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DPOuBFIDCR0/?igsh=dWVnanMxNXdodWVt>  
<https://www.instagram.com/reel/DPOpF3MjPQR/?igsh=MXV2YzJjM3V4aWVxdg==>

## 2.Қазан айы:

### 2.1. «Қарттар біздің – асыл қазынамыз» кездесу

Қарттар күніне орай «Қарттар біздің - асыл қазынамыз» атты қарттармен кездесу іс-шарасы өткізілді. Кездесуге ардагер ұстаздар, ауыл/қала ақсақалдары мен әжелері шақырылды. Шара барысында қонақтар өздерінің өмір жолы, еңбек тәжірибесі мен тағылымды естеліктерімен бөлісті. Оқушылар тарапынан өлеңдер оқылып, әндер шырқалып, жылы лебіздер айтылды.



Сілтемесі: [https://www.instagram.com/reel/DPOvkqZjM0Q/?utm\\_source=ig\\_web\\_button\\_share\\_sheet](https://www.instagram.com/reel/DPOvkqZjM0Q/?utm_source=ig_web_button_share_sheet)

### 2.2. Ұстаздар күні. Дублер күні. Мерекелік іс-шара

3 қазан – Ұстаздар күні.

Дублер күні- бұл күні оқушылар өз ұстаздарының орнын басып, мектептің түрлі саласында өз қабілеттерін сынап көреді. Мақсаты- ұстаз еңбегінің жауапкершілігін сезіну, оқушылардың шығармашылығын дамыту, өзіндік шешім қабылдауға баулу.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DPV5SODAwH/?igsh=MXBuY25ubGczNWl0Zw==>  
<https://www.instagram.com/reel/DPZPnCuDZPN/?igsh=dmYyaGI4YThraHRt>

### 2.3. Мектеп президентін сайлау.

20 қазан күні «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымының мектеп президенті сайлауы өтті. Сайлауға 4 оқушы үміткерлікке өздерінің кандидатураларын ұсынды. Мектеп оқушылары парламенттері балалар мен жастардың маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдауға бағытталған мектептің өзін-өзі басқарудың бастамашыл, дербес, жауапты қоғамдық нысаны болып табылады.

Сілтемесі: [https://www.instagram.com/reel/DQEW5t\\_jKIL/?igsh=N25pNnFuYjlicXMz](https://www.instagram.com/reel/DQEW5t_jKIL/?igsh=N25pNnFuYjlicXMz)

## **2.4. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестігінің қызметін ұйымдастыру**

«Жас Ұлан» қоғамдық бірлестігінің қызметі басталып, белсенділер тағайындалып, ұланбасылар сайланды. Бұл бірлестік балалардың көшбасшылық дағдыларын дамытып, оларды қоғамдық жұмыстарға тарту мақсатында ұйымдастырылды. Оқушыларға азаматтық белсенділік, тәртіп және жауапкершілік туралы түсініктер берілді. 5 сынып оқушыларын «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылданды.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQMXq89jJEx/?igsh=eTZmbmNkNm4zMmtw>

## **2.5. Республика күні.**

«Қыран елім - Қазақстаным» Республика күніне орай ұйымдастырылған мерекелік концерт өтті. Оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, ән мен жырға толы әсерлі кеш сыйлады. Бұл елдігімізді ұлықтайтын, тәуелсіздігіміздің қадірін терең сезінетін сәт. Тәуелсіздік елімнің әр таңы арайлы, болашағы- білімді ұрпақтың қолында.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQKYji6jH6t/?igsh=emt0ZXh0NDV5b3hn>

## **2.6. «KUZ STYLE- 2025» күзгі балл**

«KUZ STYLE- 2025» 5-8 сынып аралығында байқауы мен 9-11 сынып оқушылар аралығында күзгі балл кеші ұйымдастырылды. Кеш барысында оқушылар сән көрсетіп, би билеп, ән салып, көркем сөз оқып, күздің көркем көрінісін сахнаға бейнеледі. Шығармашылық пен көңіл көтеруге толы бұл кеш оқушылардың талантын ашуға үлкен мүмкіндік болды.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQMcZjoDCgx/?igsh=Z2swaG5tZnN2b3Rj>

## **1.7. Бірге көңілді демалайық.**

Бірге көңілді демалайық! Демалыс күндері мектебімізде оқушылардың көңілін көтеру, достық пен ұйымшылдықты арттыру мақсатында ойын - сауық бағдарламасы өтті. Көңілді ойындар, би мен шат күлкі – бәрі де оқушылардың мерекелік көңіл күйін көтерді.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQcR2bxDCgX/?igsh=Njh0eHY2aDJheXdw>

## **3. Қараша айы:**

### **3.1. «Кітап сыйла- рухани мұра қалдыр!» акциясы**

Мектеп парламентінің оқушылары « Кітап сыйла- рухани мұра қалдыр» акциясына қатысып, мектеп кітапханасына әдеби кітап сыйлап, кітапханамыздың кітап қорын толықтыруға өз үлестерін қосты.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQpK4T7kpz1/?igsh=aWZ2MjhjbnNuMGox>

### **3.2. «Мектепке гүл сыйла» акциясы**

«Мектепке гүл сыйла» акциясына әр сынып өз үлестерін қосып, сыныптарын гүлдермен толықтырды. Бұл акция мектебімізді гүлдермен әсемдеді.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQrxufZjM48/?igsh=MWY1c2Y5Z3Jkcmh4aA==>

### 3.3. «Көңілді үзіліс»

Қоңырау уақытында мектеп парламентінің оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында көңілді үзіліс ұйымдастырды. Үзіліс уақытында оқушыларға сұрақтар қойылып, белсене қатысқан оқушыларға сыйлықтар сыйланды.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQ32-xFDcaY/?igsh=aGtlZGs5cTBtaHVp>

### 3.4. «ДОСБОЛЛІКЕ достық қолын ұсын» республикалық акциясы

«ДОСБОЛЛІКЕ достық қолын ұсын» республикалық акция аясында «Ең, ең, ең...» челленджі өтті. Бұл ерекше челлендж оқушылар мен мұғалімдердің ең жауапты, ең белсенді, ең мейірімді жандарды анықтауға мүмкіндік берілді. Бұл шара- мектеп ұжымындағы бірлік пен сыйластықтың айғағы болды.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRB0W3bAJok/?igsh=cGNhNnBrZm5pazly>

### 3.5. Парламент өмірінен бір күн.

«Мектеп парламенті президенті» мүшелерінің арасында челленджі.  
«Бұл күн – жоспарлардан басталып, жауапкершілікпен, бірлікпен, жаңа ойлармен жалғасты.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRHpVX0DFsM/?igsh=MWY0eHEwYms4dnJjcg==>

### 3.6. «ДОСБОЛЛІКЕ достық қолын ұсын» республикалық акциясы

«ДОСБОЛЛІКЕ достық қолын ұсын» республикалық акциясы аясында мектепшілік 8-11 сынып оқушылар арасында волейболдан жарыс өтті.

Жарыс барысында:

1 орын- 8 сынып оқушылары

2 орын- 11 сынып оқушылары

3 орын – 10 сынып оқушылары

9 сынып оқушылары алғыс хатпен марапатталды.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRHvhiAjBm0/?igsh=Nnhnb3FoNmI3amc5>

### 3.7. «Сыбайлас жемқорлық- қоғамның өзекті мәселесі»

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және адалдық мәдениетін насихаттау мақсатында видеоролик түсірілді. Қатысушылар «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!», « Адалдық – ардың ісі!» деген ұрандармен қоғамның дамуына кедергі келтіретін бұл мәселеге бейжай қарамау қажет екенін көрсетті.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRRcQTtoALJF/?igsh=ZHZjeXZhcjVoeW50>

### 3.8. Өнегелі 15 минут

«Өнегелі 15 минут» аясында Ұлттық мәртебе күніне орай мектебімізде «Бір мақал-бір бауырсақ» айдарын мектеп парламентінің оқушылары ұйымдастырды. Бұл шараның негізгі мақсаты- ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оқушыларды салт-дәстүрді құрметтеуге, сөз кәдірін түсінуге тәрбиелеу.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRUC0eGD1oW/?igsh=MnQ2engzZjhweTky>

### 3.9. «Адалдық дүкені»

Адалдық дүкені- оқушылардың адамгершілік құндылықтарын, жауапкершілік пен сенімділік қасиеттерін дамытуға бағытталған жоба. Бұл дүкеннің басты ерекшелігі - мұнда сатушы болмайды. Әр оқушы өзіне қажет затты таңдап алып, оның құнын арнайы жәшікке өзі салады.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRew9c9DED5/?igsh=M2JxODVjMDhtNWd6>

### 3.10. «Өнегелі 15 минут» «Асық ату» ойыны

«Өнегелі 15 минут» аясында мектебімізде ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында асық ату ойыны бастауыш сыныптар арасында ұйымдастырылды. Шараға белсенді оқушылар қатысып, өз шеберліктері мен мергендіктерін көрсетті.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRmvho-jGZ9/?igsh=MTBtdzJ0YWloNm16ZQ==>

## 4. Желтоқсан айы:

### 4.1. «Таза болашақ- адалдықтан басталады»

9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай « Таза болашақ- адалдықтан басталады» тәрбиелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты- оқушыларға адалдық, әділдік, жауапкершілік құндылықтарын дәріптеу, жемқорлықтың қоғамға тигізетін зиянын түсіндіру және жас ұрпақты парасатты, әділетті болуға тәрбиелеу болды.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DSDNf40Fxf5/?igsh=MWM0cHBrb2RrMmg4MQ==>

### 4.2. «Photo day» көңілді үзіліс

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен оқушылардың үзіліс уақытында көңіл күйлерін көтеру мақсатында «Photo day» көңілді үзіліс ұйымдастырды. Оқушылар әр түрлі маскалар киіп, фотоға түсті.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DSKJWw5jLxy/?igsh=MWhuaTR1MzB2ajFhYQ==>

### 4.3. «Тәуелсіз Қазақстан-бірлік кепілі»

16 желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз Қазақстан-бірлік кепілі» атты патриоттық әндер байқауы өткізілді. 1-4 сынып оқушылары қатысқан байқау еліміздің тәуелсіздігіне деген сүйіспеншілік пен құрметті арттырды.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/DSe5B2Vl-f1/?igsh=enZ6Y3BnZjhhaTF0>

#### 4.4.«Тәуелсіздік мен үшін ... » айдары

ҚР Тәуелсіздігіне орай мектеп парламенті оқушылары «Тәуелсіздік мен үшін ... » атты айдарын ұйымдастырылды. Бұл айдарда әр мұғалім,оқушы тәуелсіздік туралы өздерінің түсініктерін берді.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DSUHbNiDM-m/?igsh=MWYzc21ycnZrMnBj>

#### 4.5. «Choco day»

Choco day- тәтті сезімдер күні. Бұл күнде мұғалімдер мен оқушылар бір-бірлеріне тәтті шоколад таратады.Мақсаты- оқушылар мен мұғалімдер арасында жылы қарым -қатынас орнату.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DShPDXPA1IS/?igsh=MWplN2h3ZGN0cGZ3MA==>

#### 4.6. «Гажайып жаңа жыл» мерекелік кеш

Жаңа жыл мерекесіне орай «Гажайып жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Мерекелік шарада 0-4 сынып оқушылары, 5-7 сынып оқушылары, 8-11 сынып аралығында өтті. Мерекелік шарада аяз ата мен ақшақар, жаңа жыл жылқы жылы мен ескі жыл жылан жылы тағы басқа да кейіпкерлер қойылым қойып, оқушыларға мерекелік көңіл күй сыйлады.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DSzAsgzDOvS/?igsh=N2s3YWZxNWc1NDJs>

Аға тәлімгер  А.Ордалы



# АЛҒЫС ХАТ

## Благодарственное письмо

АКТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ »ММ

Мәртөк ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық "Үздік мектеп парламенті" байқауының аудандық кезеңіне белсене қатысып, мектеп парламентінің жұмысын дамытуға қосқан үлесі үшін

*№3 Сарыжар мектебінің "Үздік мектеп парламенті" байқауының аудандық кезеңінде белсене қатысып, мектеп парламентінің жұмысын дамытуға қосқан үлесі үшін*

алғыс білдіріледі.

Бөлім басшысы:



А.Есалин

Мәртөк – 2026 жыл